



«Қазақстанда сыбайлас жемқорлықпен күресу жолдары: кеше және бүгін» атты ғылыми-тәжірибелік конференция

3 наурыз күні М.Өтемісов атындағы БҚМУ Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаментімен бірлесіп «Қазақстанда сыбайлас жемқорлықпен күресу жолдары: кеше және бүгін» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді. Шараға оқытушылар, студенттер мен департамент өкілдері қатысты.



АЛҒЫ СӨЗ

Бүгінгі ұйымдастырылып отырған «Қазақстанда сыбайлас жемқорлықпен күресу жолдары: кеше және бүгін» атты ғылыми-тәжірибелік конференция қазіргі қоғамның өзекті мәселесі сыбайлас жемқорлық қылмыстары тақырыбына арналады. Конференцияға М.Өтемісов атындағы БҚМУ оқытушылар құрамы мен сыбайлас жемқорлық қылмысымен күресетін арнайы мамандандырылған орган

ретінде Батыс Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік қызмет істер және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаментінің өкілдері және студенттер қатысуда. Жемқорлық тақырыбына арналған конференцияның мақсаты 2015 жылдан бастап қабылданған жаңа Сыбайлас жемқорлыққа қарсы 2015-2025 жылдарға арналған бағдарламаны түсіндіру аясында болмақ.

Жемқорлық — мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекеттері. Мемлекетте жемқорлықтың бел алуы көлеңкелі экономиканың пайда болып, экономикалық өсу қарқынының тежелуіне және әлеуметтік, саяси шиеленістердің күрт асқынуына ұрындырады. Сонымен қатар жоғары лауазымды мемлекеттік қызметкерлер жалпай **жемқорлыққа** салынған жағдайда құқық қорғау органдары оларды жасаған қылмыстары үшін қылмыстық жауапкершілікке тарта алмайтын жағдай қалыптасады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған Сыбайлас жемқорлықпен күресудің 2015-2025 жылдарға арналған жаңа бағдарламасы мемлекеттің және тұтас қоғамның күшін жемқорлыққа қарсы жұмылдыруға бағытталған.

Бағдарламада көзделген мақсаттарды жүзеге асыру үшін азаматтық қоғамды, бизнес қауымдастығын жемқорлыққа қарсы іс-қимылға тарту, мемлекеттік органдардың, корпоративтік сектордың (квазимемлекеттік) қызметіне бақылауды күшейту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдарды жетілдіру, мемлекеттік қызметтердің сапасына мониторинг жүргізу, көлеңкелі экономикаға тосқауыл қою секілді жұмыстарды жүргізу қарастырылған. Сонымен қатар, қоғамда жемқорлыққа төзімсіздік мәдениетін және білім мен тәрбиенің барлық деңгейінде жемқорлыққа қарсы дағды моделін қалыптастыру мәселелері де қамтылған.

Бағдарламаны жүзеге асырудың басты міндетіне - Қазақстанда маңызды үш элементтен тұратын жүйені құру жатқызылады. Біріншісі, азаматтарға қызмет ететін тиімді мемлекет, екіншіден, ол

- экономикалық дамудың қозғаушы күші, азаматтық қоғамның тірегі ретіндегі мықты бизнес, үшіншіден, жауапкершілікті азаматтық қоғам.

Сыбайлас жемқорлықты жою – біздің халқымыз бен мемлекетіміздің іргелі құндылығы – **Тәуелсіздігімізді** нығайтудың өзекті шарты.

Сондықтан, бағдарламаның негізгі мақсаты – қоғамда **сыбайлас жемқорлыққа төзбейтін көзқарас пен құқықтық сананы** қалыптастыру, мемлекетті, қоғам мен бизнесті осы әлеуметтік кесепатқа қарсы жұмылдыру болып табылады.

Мемлекет, қоғам және бизнестің сенім, өзара жауапкершілік, әріптестік, айқындық, ашықтық пен есептілік қағидаттарына негізделген жаңа үлгідегі қарым-қатынасын қалыптастыру – бағдарламаның мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізудің өзекті шарты болып саналады.

Алайда, сыбайлас жемқорлық бүгінгі күні қоғамымыздың барлық саласында дендеп еніп, барлық салаға өз зардаптарын тигізіп отыр. Осы орайда бұл келеңсіз құбылыспен күресу барлық ұлтжанды азаматтардың парызы екенін ұмытпауымыз тиіс. Мемлекеттік органдарда жұмыс жасайтындардың өзгенің тағдырына, жұмысына деген немқұрайлылығы, тойымсыздығы, қарапайым азаматтардың құқықтық сауатсыздығы мемлекетімізде жемқорлықтың асқынуына жол ашқаны ешкімге жасырын емес. Сондықтан соңғы уақытта жемқорлықпен күресуге бүкіл халық болып ат салысу керектігі күн тәртібіне шығып отыр. Жалпы алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мемлекетіміздің және Президент Н.Ә.Назарбаевтың мемлекеттік саясатының аса маңызды стратегиялық басымдығы болып қала береді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік саясат елдегі әлеуметтік, экономикалық және саяси тұрақтылықты күшейтуге, азаматтар мен қоғамның құқықтарын, бостандығы мен заңды мүдделерін жалпы қылмыстық көріністерден қорғау деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.

Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын, нигилизмді жоятын, құқықтық түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Азаматтық қоғамның барлық институттарының күш-жігерін біріктіру, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың халықаралық тәжірибесі мен барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар үнемі зерттеуді және жетілдіруді талап етеді және онымен күресте нақты бағыттарды әзірлеуді қажет ететіні сөзсіз. Сыбайлас жемқорлықпен күресу оның алдын алу мақсатында білім мекемлерінде, оның зардаптары мен күресу жолдары негізінде оқу тренингтік пәндер жүйесін енгізу қажет, бүгінгі жастар ертеңгі мемлекеттік қызметкерлер және оларға теңестірілген лауазымды тұлғалар қауымы болып табылады.

Білім саласы қоғам дамуының ең басты қозғаушы күші, қоғам игілігінің айнасы болып танылады. Жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесі, біліктілігі мен азаматтық деңгейі елдің ертеңгі кемел келешегінің негізгі іргетасы десек қателеспейміз.

А.С. ИМАНҒАЛИЕВ,
п. ф. д., академик, БҚМУ ректоры

СТРАТЕГИЯ - ОСНОВА

антикоррупционной культуры нашего общества



Ушедший 2014 год для Казахстана был насыщен принятием новых законов и стратегических документов по борьбе с коррупцией. Начало тому положило выступление Президента 17 января с ежегодным Посланием народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее». В котором он одним из пунктов плана вхождения в число 30-ти развитых стран мира обозначил равенство перед законом как реальную основу правопорядка. И поставил задачу – продолжить формирование и реализацию новой антикоррупционной стратегии, наметив конкретные сроки исполнения.

Одним из инструментов по достижению результатов антикоррупционной стратегии стало принятие в прошлом году четырех новых кодексов: уголовного, уголовно-процессуального, уголовно-исполнительного и об административных правонарушениях.

В числе новелл, направленных на усиление ответственности за совершение коррупционных преступлений, явились запреты на освобождение лиц, совершивших коррупционные преступления, от уголовной ответственности в связи с примирением сторон, а также на назначение осужденным за коррупционные преступления условного осуждения. Кроме того, в качестве уголовного наказания за данные правонарушения введены штрафы в размере, кратном сумме или размеру полученной взятки, в соответствии с международными стандартами. Неуплата назначенного судом «кратного» штрафа обязательно влечет за собой лишение свободы. Также по всем коррупционным преступлениям предусмотрена обязательная конфискация имущества, а на лиц, совершивших коррупционные преступления, не будет распространяться срок давности.

Следующим шагом совершенствования работы по противодействию коррупции, стало создание на основе Агентства по делам государственной службы нового ведомства – Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции, в сферу деятельности которого входят не только вопросы государственной службы, но и предупреждение, выявление, пресечение, раскрытие и расследование коррупционных преступлений и правонарушений.

Выделение антикоррупционного направления в работе вновь созданном ведомстве стало адекватным ответом на вызовы коррупции постоянно мимикрирующей в современных условиях.

Агентству поручено изменить восприятие коррупции, главным образом путем предупреждения, проводя профилактическую работу. Акценты в работе расставлены на превенции этого зла, а не на борьбе с его последствиями.

В оперативно-следственной деятельности приоритетами определены системные случаи коррупции и масштабные преступные схемы с участием высокопоставленных чиновников. Главой государства был обозначен и девиз Агентства «Біздің міндет – халыққа қызмет» («Наш долг – служение народу»).

Работа Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции стартовала в одно время с принятием партией «Нұр Отан» Программы противодействия коррупции на 2015-2025 годы, которая была разработана и утверждена по инициативе Главы государства. Это был следующий шаг в антикоррупционном направлении.

Цель созданной партией Программы – формирование

атмосферы «нулевой» терпимости к любым проявлениям коррупции. Несмотря на постоянное преследование коррупционеров и ужесточение карающих мер, меньше преступников не становится, а масштабы заражения данным «вирусом» только растут. Поэтому принятая Программа направлена в первую очередь на «формирование антикоррупционной культуры и поведения, усиление общественного контроля, а также устранение причин и условий, порождающих коррупцию».

Еще одним немаловажным шагом в антикоррупционном направлении стало утверждение Постановлением Правительства Республики Казахстан от 24 сентября 2014 года № 1012 Дорожной карты по реализации структурных реформ в Республике Казахстан на 2014 - 2015 годы. В данном документе обозначены неотложные меры по устранению в ближайшей перспективе барьеров для развития бизнеса, а также принятия мер по снижению коррупционных рисков.

Указом Президента Республики Казахстан от 26 декабря 2014 года № 986 утверждена «Антикоррупционная стратегия Республики Казахстан на 2015-2025 годы». Ответственным государственным органом по данному документу было определено Агентство Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции. Цель Стратегии – «повышение эффективности антикоррупционной политики государства и вовлечение в антикоррупционное движение всего общества путем создания атмосферы «нулевой» терпимости к любым проявлениям коррупции и снижение его уровня».

Согласно задачам Стратегии будет осуществляться повсеместное противодействие и предупреждение коррупции, в сфере государственной службы, в квазигосударственном и частном секторе, в судах и правоохранительных органах. Будет внедрен институт общественного контроля, развито международное сотрудничество по вопросам противодействия коррупции.


Уже сегодня, Агентством и соответственно Департаментом по Западно-Казахстанской области начата практическая работа по анализу и выявлению коррупционных рисков. Эта работа проводится в подведомственных организациях Министерства по инвестициям и развитию. В регионах это такие госорганы как Инспекция транспортного контроля, Департамент инновационного развития и промышленной безопасности, Инспекция связи и информатизации, а также Департамент технического регулирования и метрологии.

Организован Общественный совет и при Департаменте по делам государственной службы и противодействию коррупции по Западно-Казахстанской области.

Общественный совет открыт для широкого сотрудничества со всеми институтами гражданского общества. На его принципах будет построена целостная система гражданского контроля после принятия предусмотренного Стратегией Закона «Об общественном контроле».

В своем роде Стратегия стала логическим сводом принимаемых государством мер по устранению коррупции. Принятые документы и сделанные шаги в антикоррупционном направлении явились фундаментом данного плана и стратегией общества и Главы государства в сторону будущего без коррупции.

А. Х. АШИРБАЕВ,
руководитель Департамента Агентства РК по делам государственной службы и противодействию коррупции по ЗКО



Сыбайлас жемқорлықпен күрес жолындағы мемлекеттік стратегияның жүзеге асырылуы

Сыбайлас жемқорлық мәселесі бүгінде әлемнің барлық елдері үшін де қандай қоғам үшін де өзекті мәселеге айналып отыр. Қоғамдық дерт болып саналатын бұл құбылыспен дүниежүзі мемлекеттері өзара ынтымақтаса күрес жүргізіп келеді. «Бармақ басты, көз қысты» қылмысқа қарсы күрес жүргізіп жатқан қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялар да қазіргі таңда аз емес. Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа күрес мақсатында белгілі-бір заңнамалық база қалыптастырылды.

Жемқорлық – мемлекеттік басқару құрылымындағы лауазымды қызметкердің өзіне сеніп тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекеттері болып табылады.

Мемлекетте жемқорлықтың бел алуы көлеңкелі экономиканың пайда болып, экономикалық өсу қарқынының тежелуіне және әлеуметтік саяси шиеленістердің асқынуына апаратын құбылыс. «Қазақстан-2050» стратегиясында Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Мемлекет пен қоғам жемқорлыққа қарсы күресетін бір күш болуы тиіс. Жемқорлық жай құқық бұзушылық емес, ол мемлекет тиімділігіне деген сенімді сөтінетеді және ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер болып саналады. Біз түпкі мақсатымыз – жемқорлықты құбылыс ретінде жою үшін жемқорлыққа қарсы заңнамаларды жетілдіру арқылы онымен күресті қатты күшейтуіміз қажет», - деп атап өткен болатын. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік феномен ретінде қоғам мен қоғамдық қатынастардың туындысы деп те айтуға болады.

Алайда қабылданған шараларға қарамастан елдегі жемқорлық деңгейінің жоғарылығы күрделі мәселе ретінде қалып отыр. Осыған орай, мемлекеттің ғана емес, қоғамның тарапынан да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға байланысты жүйелі және ұзақ мерзімге арналған шаралардың қажеттігі туындады. Бұл мақсатты іске асыру үшін елімізде мемлекет басшысының тапсырысы бойынша 2015-2025 жылдарға арналған Стратегиялық бағдарлама әзірленді. Бағдарламаның негізгі мақсаты - сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне атымен төзбеушілік ахуалын қалыптастыра отырып, бүкіл қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қатысты қозғалысқа тарту.

Аталған мақсатқа жету үшін келесі мәселелердің шешілуі талап етіледі:

Жемқорлыққа қарсы тұрарлық мәдениетті, білім мен тәрбиені қалыптастыру;

Сыбайлас жемқорлықтың пайда болу алғышарттарын азайту; Мемлекеттік органдар қызметі, квазимемлекеттік сектор мен монополия субъектілеріне партиялық және қоғамдық бақылауды күшейту;

Жергілікті өзін-өзі басқару өкілеттігін күшейту;

Сыбайлас жемқорлыққа қатысты заңнаманы жетілдіру.

Бағдарлама негізгі бес қағидатты басшылыққа алып жұмыс жасайды. Атап кететін болсақ, жүйелілік, баршаның заң алдындағы теңдігі, айқындық, ашықтық, мемлекеттің қоғамға есептілігі, мемлекет пен қоғамның серіктестігі және сыбайлас жемқорлыққа төзімсіздік қалыптастыруда қоғамды жұмылдырту қағидаты. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды халық көп жағдайда жүйесіз, нәтижесі төмен жұмыс түрінде көреді. Олардың пікірінше, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттің міндеті. Осындай көзқарас қоғамда тамыр жайған сенімсіздікті тудырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарды айтарлықтай әлсіретеді. Сондықтан да әрбір қазақстандық, әр отбасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бүкіл қоғамның, әрбір азаматтың ісі екендігін түсінуі тиіс.

Сондықтан азаматтарды бала күнінен бастап Отанға деген сүйіспеншілікке, адамдарды және дәстүрлерді құрметтеуге, білім мен еңбекке ұмтылуға, көрегенділік пен адалдыққа тәрбиелеу керек. Бұл сезімдер біздің халқымыздың қанында ежелден бар құбылыс. Тек қазақтың «Тәрбие басы – тал бесік», «Ел боламын десең бесіңді түзе», «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады», «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» деп ұрпақ тәрбиелеудегі даналықтарын ар-ождан қағидасы төңірегінде түсінуіміз қажет.

Қазіргі таңда еліміздің алдына қойған мақсаттарының біріне осындай құндылықтарды бойына сіңірген қазақстандықтар

ұрпақ тәрбиелеу жатады. Сондықтан тәрбие мен білім үдерісі адамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрарлық мәдениетін қалыптастыруының негізі болуы тиіс. Ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың хас жауы» деген қанатты сөзін қоғам дамуының басты назарына айналдырған жөн.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру мен тәрбиелеу үлгісі «Заң», «Әділдік», «Теңқұқтық» сияқты түсініктеңің төңірегінде қалыптасуы тиіс. Қабылданған сыбайлас жемқорлықпен күрес бағдарламасында жемқорлыққа қарсы тұрарлық тәлім білім берудің барлық деңгейінде қалыптастырылуы қажет деп көрсетілген. Өсіп келе жатқан ұрпақ тәрбиесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыруда түбегейлі маңызды рөл атқарады. Ал, Адам, Бостандық, Заңның үстемдігі, Әділеттілік, Ынтымақшылдық, Болашаққа ұмтылыс, Отбасы мен дәстүр сияқты әмбебап құндылықтар сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі күрестің идеялық негізін құрайды. Сондықтан жастар ұйымдары жемқорлыққа атымен төзбеушілікке насихаттауда басты орын алады.

Білім берудегі сыбайлас жемқорлық – бұл қызметтік бабын жеке мүдде үшін пайдалану яғни, бұл өз кезегінде білім берудің сапасы мен білім алудағы әділеттікке зиян келтіру болып танылады. ЖОО - бұл болашаққа ұмтылысы мен өмірлік ұстанымдары бар мамандарды қалыптастыруда, жастарға тәрбиелеу мен білім беруді жүзеге асыратын әлеуметтік институт.

Бұл ретте 80 жылдық тарихы бар М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік университетінің қызметін атап көрсетуге болады. Бұл бағытта университетімізде мынадай жұмыстар жүргізіледі:

Біріншіден: жастар ұжымдары мен спорттық секциялар, шығармашылық ұжымдар мен жеке қызығушылықтар бойынша үйірмелер құрылған;

Екіншіден, сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мақсатында жыл сайынғы тәрбиелеу жоспарына жемқорлықтың алдын-алу бойынша шаралар мен деңгелек үстелдер, құқық қорғау органдары қызметкерлері, мемлекеттік органдардың өкілдері, бұқаралық ақпарат өкілдерімен кездесулер өткізу қарастырылған;

Үшіншіден, тоқсан сайын университетімізде білім алушыларды сараптама түріндегі әлеуметтік зерттеулер жүргізіледі.

Төртіншіден, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия қызмет атқарады.

Тұрақты негізде студенттердің ұсыныстары мен өтініш-арыздарына арналған «сенім телефоны» мен «сенім жәшіктері» жұмыс жасайды, сонымен қатар университетіміздің ресми сайтында ректордың блогы жұмыс жасайды. Сыбайлас жемқорлықпен күрес саясатын жүргізуге қатысты мәселелер университеттің ғылыми кеңесінде және ректоратта, университет ұжымының жалпы жиналысында тұрақты түрде қаралады.

Оқытушылар мен студенттер арасындағы сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын - алу және студенттер білімі бағасының дұрыстығын қамтамасыз ету мақсатында Мониторинг және әлеуметтік зерттеулер бөлімімен бірігіп қоғамдық тәртіптік комиссия жұмыс жасайды, бұл бөлім өз кезегінде ай сайын студенттер арасында «оқытушы студенттердің көзқарасы бойынша» деген тақырыпта сараптамасы.

ЖОО-да кредиттік технология бойынша білім беру Ережежесіне сәйкес студенттердің ағымдағы және аралық аттестациялаудың ашықтығын және барлық нысандағы бақылауға студенттердің шағымдану құқығының бар екендігін және оның қатаң түрде сақталатындығын айта кеткен жөн. Студенттерге берілген мұндай құқықтардың легі сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын-алуға бағытталған деп айтсақ қателеспейміз. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты өткізілетін «Таза сессия» акциясы төңірегінде ақсақалдар кеңесі, проректорлық және деканаттық корпусстар, сонымен қатар барлық кафедра меңгерушілері емтиханның өткізілуіне қатысты жүйелі бақылауды жүзеге асырып, емтихан соңында бекітілген күнтізбелік жоспарға сәйкес студенттермен кездесулер өткізеді.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу мақсатында барлық қазақстандық ЖОО - лар бірігіп сыбайлас жемқорлық қылмысының алдын - алу және кәсіби білімнің сапасын арттыру үшін құқық қорғау органдарымен бірлесіп білім беру миссиясының реформаларын дұрыс орындауға өз үлестерін қоса отырып жұмыс жасайды. Сондықтан да жоғары білім беру жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықпен күресуді жүйелі түрде жүзеге асыру салауатты, білімді, мәдениетті, сапалы мамандар дайындауға өз үлесін тигізеді деп есептеймін.

А.О.САМУРАТОВА,
«Құқықтық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы,
заң ғылымдарының магистрі

Сыбайлас жемқорлық - қоғам дерті

Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлық елімізге зор қауіп тудырып отыр. Сыбайлас жемқорлық ел экономикасының қарқынды дамуына үлкен кедергі келтіріп отырған қоғамымыздың ең басты қатерлерінің бірі. Сондықтан да, оны болдырмау, оның алдын алу мақсатында елімізде көптеген іс шаралар жоспарланып, жүзеге асырылуда.

Елбасы құқық қорғау органдарының, «Нұр Отан» партиясының және басқа да қоғамдық мекемелердің алдына сыбайлас жемқорлықпен күрес бағытын айқындайтын, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерден тиімді сақтау механизмін құру бойынша нақты міндеттер қойды. Сыбайлас жемқорлық оның ықпалына дүниежүзінің бүкіл елі түсетін әлеуметтік дерт. Сондықтан, дамыған мемлекеттер сыбайлас жемқорлықпен күрестің жаңа модельдерін қайта құрып, жазаны қатаңдататын заңдар қабылдады.

Ал, Қазақстан Республикасы 1998 жылы 2 шілдеде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» арнайы заңын қабылдады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңның 1 - бабы 1 - тармағына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күрестің мақсаты болып азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп қатерден ұлттық қауіпсіздігімізді қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқықбұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқықбұзушылықтың түрлерін, жауаптылықтың пайда болу жағдайларын белгілеу табылады.

Біздің білетініміздей, сыбайлас жемқорлық теріс, жағымсыз әлеуметтік құбылыс. Азаматтық қоғам ілгері жылжыған сайын, оның әлеуметтік саяси құрылымы өзгерсе де, ғылым, мәдениет, өнер дамыды, десек те, сыбайлас жемқорлық жеке тұлғаға, қоғамға, мемлекетке қатер төндіретін фактор болып табылады. Бұл мәселені зерттеген кезде мынадай сауал туындайды: сыбайлас жемқорлықтың пайда болу себептері қандай және осы құбылыс неге қауіпті? Мұндай қылмыстардың қауіпті болу себебі қоғамға және қоғам мүшелерінің құқықтық санасына, саяси дамуына және қоғамның материалды тәуелсіз дамуына зиян келтіреді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу туралы» заңы 4 тараудан:

Жалпы ережелері;

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу;

Сыбайлас жемқорлықпен құқықбұзушылықпен және ол үшін жауаптылық;

Сыбайлас жемқорлықпен құқықбұзушылықтардың зардаптарын жоюдан тұрады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстардың бір түрі – жүйелі сыбайлас жемқорлық – сыбайлас жемқорлықтың ең қауіпті және қиратқыш күші. Ол құқықтың, заңның беделін, мәнін кетіреді, мемлекеттік институттар бір сәтте әлсірейді, мемлекет өз азаматтарының құқығын қорғау бойынша міндеттерін дұрыс орындауын бұзуы болып табылады.

Қазіргі заманда сыбайлас жемқорлық зардаптары әртүрлі болуы мүмкін. Олар көбінесе мынадай жағдайларда айқындалады:

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің өзінің алдына қойып отырған мақсаттарына жету мүмкіндігін жояды;

Сыбайлас жемқорлық инвестиция тартуды жояды, нәтижесінде жеке кәсіпкерге белгісіз жағдайлармен тезірек табыс табуға тура келеді, бұл жағдайлар тауарлардың және қызметтердің қымбаттауына әкеледі;

Сыбайлас жемқорлық сот әділдігінің күшін жояды, өйткені кімде ақша көп, соның ісі дұрыс деп саналады;

Сыбайлас жемқорлық демократияға қауіп төндіреді;

Сыбайлас жемқорлық халықтың билікке деген наразылығын тудыруға әкеліп соқтырады.

Қоғам дерті жемқорлық көптеген факторларға байланысты екені баршаға мәлім. Мұның ішіне саяси, әлеуметтік, экономикалық, тіпті мәдени факторлар да кіреді. Ал, ендеше мәдени фактор қалайша әсер етеді десеңші. Бұған дәлел ретінде адамдар «бара бергенше, пара бер», я болмаса, құр қайтқаныңша, рахметінді айтып қайтпайсың ба, себебі бұл адаммен әлі талай жұмыс істеу алдында тұр ғой деген сылтаумен адамдар бұл дертке шалдығады. Ең бастысы – адамдардың қоғамның демократиялық бастауларына, заң мен шындыққа, сайып келгенде билікке деген сенімін әлсіретеді.

Құқықты сауаттылықты дамыту мақсатында «Халықты құқықтық тәрбиелеу», - деп аталатын бағдарлама қабылданған жөн деп есептеймін. Бұл бағдарламаны іске асыру мақсатында мынадай жұмыстар жүргізілуі қажет:

Құқықтық мінез құлықты насихаттайтын заңнама нормаларын ауызша және жазбаша түрдегі түсіндіру жұмыстары;

Балабақша, мектеп оқушыларына қылмыстық қолсұғушылыққа тап болған кезде не істеу керектігінің мазмұнын ашатын сабақтарды өткізу;

«Қалай қылмыс жәбірленушісі болмауға болады?» деген тақырыпта кештер ұйымдастыру;

Құқықтық білімдерді кеңейтуге бағытталған конкурстар, олимпиадалар, викториналар өткізіп тұру.

Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын, нигилизмді жоятын, құқықтық түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор деп ойлаймын. Сыбайлас жемқорлықпен күрес мемлекетіміздің дамуына қосылған үлес. Ал, біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ.

Айгерім ТАШБАЕВА,

*«Тарих, экономика және құқық факультетінің»
«Құқықтану» мамандығының 3 курс студенті*

Адалдыққа ақ жол

Ағымдағы жылдың 19 қаңтары күні Орал қаласындағы Ж.Молдағалиев атындағы №2 ЖОББМ оқушылары арасында БҚО бойынша мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы Департаменті мектеп басшылығы мен бірлесіп, «Адалдыққа ақ жол» тақырыбында бір мезгілде 3 топта іс-шара өткізілді.

Шаралар 1-4 сыныптар арасында «Адалдық ар намыс», 5-8 сыныптарда «Жемқорлықпен қалай күресеміз» жайдарман ойыны және 9-11 сыныптарда «Жемқорлық дегеніміз не және онымен қалай күресеміз» тақырыптарында түрлі форматта ойындар, ертегілерден көрініс және ойын-тартыстар өткізілді.

Шаралар барысында ұйымдастырушылар мен оқушылардың ойындарға тыңғылықты дайындалғандары байқалып тұрды. Бастауыш сыныптарда ертегі көрінісінде қоянды қорқытып, одан күн сайын бір сәбіз сұрататын түлкінің құлқын жағымсыз кейіпкер екендігін балалар түсініп, өткізілген шарадан көп түсінік алды. 9-11 сыныптарда өткізілген іскерлік ойында 3 топқа бөлініп, сыбайлас жемқорлықпен күрес жөнінде өзара сайысты. Сайыс қорытындысы



бойынша жеңімпаздар анықталып, алғыс хаттармен марапатталды. Әділқазылар алқасында Департаменттің қызметкерлері болды.

Истоки правовой культуры и правосознания казахского общества

Корни коррупции уходят в прошлое, историко-правовые исследования неопровержимо доказывают, что она существовала в обществе с момента возникновения государственной управленческой структуры. Следовательно, накоплен немалый опыт противодействия этому негативному явлению. Однако объектом коррупции становятся практически все установленные и охраняемые законом государственные, общественные и хозяйственные отношения. Через законодательную деятельность и реформирование правовой системы государство создает сдерживающие рычаги, пытается минимизировать уровень коррупции. Правовая культура общества достаточно сильно влияет на уровень коррупции в государстве. Духовная правовая культура понимается как образ мышления, нормы и стандарты поведения.

Главным источником казахского обычного права является веками создававшийся и совершенствовавшийся устный обычай «әдет». Оно построено на ряде основных нормативных институтов и на множестве кратких, легко запоминающихся и в то же время выразительных изречений, содержащих основополагающие материальные и процессуальные нормативы. Основное в нормах обычного права — это их внутреннее содержание, лежащее в их основе принципы. В области осуществления правосудия — принципы справедливости, открытости, красноречия. Особенность правовой культуры кочевников заключалась в том, что принцип и правовая норма находились между собой в неразрывной связи, что давало возможность поддерживать высокий уровень правовой культуры.

Связь между нормами обычного права и государственной властью развивалась постепенно. Необходимо отметить, что с древнетюркского периода законы государства базировались на нормах обычного права. Понятие «*torıǵ*», известное историкам по древнетюркским надписям, являлось не чем иным как кодифицированным обычным правом. У чингизидов это «Жасақ» Чингис-хана. В Казахском ханстве — «Есім-ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Жеті жарғы» (Семь установлений). В основе перехода норм обычного права казахов из неофициальной в официальную форму лежало усиление центральной государственной власти, установление и активизация правотворческой функции государства.

Казахское обычное право состояло из трех источников: обычая — әдет или заң, практики суда биев — би билігінің ұстанымдары и положения съезда биев — ереже. Кочевая жизнь казахов, способы хозяйствования, суровые условия обеспечения жизнедеятельности, высокие морально-этические принципы духовной культуры казахов выработали своеобразную организацию отправления правосудия и породили суд биев, осуществляемый в соответствии с обычным правом. Би располагали большими правами в толковании норм, обосновании и внесении решений, а также в определении методов и форм проведения этих решений в исполнение.

В казахском обществе не проводилось различий между уголовным и гражданским правом, в связи с этим не было различий в уголовном и гражданском процессе. Поэтому суд биев, издревле гласный и изустный, занимался разбором разнохарактерных дел и всевозможных недоразумений. В своих решениях знаменитые би, прежде всего исходили из убеждения, что честь (намыс), совесть (уят) и достоинство (ар=ер), возведенные в высокий принцип, — наиглавнейший аргумент в любом спорном вопросе — служат надежной опорой народного благополучия, составляют основы правосознания и правовой культуры.

Институт биев, долгое время был прочной основой политико-правовой жизни степного кочевого общества. В результате введения в XIX веке (особенно, в 1822-24, 1867-68 гг.) различных указов и временных положений, основанных на чуждых кочевому обществу правовых нормах, законодательная сила и полномочия института биев были утрачены, что привело к вражде, раздорам, борьбе за власть различных «партий», невиданным ранее негативным проявлениям: клеюзы, клевета, лжесвидетельство стали обычным делом, сея раздор в народе. Как писал Абай, «букв.: «каждая мелочь (соринка) считающая себя бием, не испортила ли облик народа».

Ахмет Байтұрсынов (1873-1937) в статье «И снова про народный суд», вышедшей в 1911 году писал по этому поводу: «До выхода Устава 1822 г. (речь идет об «Уставе о сибирских киргизах» -Ж. М.) казахский суд биев был самобытен, казахи сами решали свои

споры. Если две стороны приходили к бию за разрешением спора, то его решение принимали обе стороны. С изменением быта и жизни казахов, стали исчезать уважаемые всеми би».

В традиционном казахском обществе ответственность за коррупцию, в каком виде мы сегодня ее воспринимаем, не предусматривалась. Существовали всевозможные виды подарков представителям знати и аксакалам. По адату сторонам не запрещалось делать судьям тарту (подарок), сыбага (угощение) и т.п. Но это делалось открыто, за справедливое, принятое всеми спорящими сторонами решение, так как официального вознаграждения за такую важнейшую социальную работу биев не предусматривалось.

Таким образом, как видим, суд биев воплотил в себе весь спектр правового сознания, представлений, чувств, переживаний казахского народа в понимании необходимости правильного существования общества. Он был по-своему достаточно прогрессивным и демократичным, поскольку учитывал национальные особенности, культуру, социально-экономический уклад жизни общества, богатый опыт многих поколений. Как писал выдающийся ученый Ч. Валиханов, «тот закон хорош для народа, который более ему известен, закон родной, под которым человек вырос и воспитывался, и как бы закон этот ни был несовершенен, он должен казаться ему лучше, понятнее и яснее самых мудрых законодательств, взятых извне или навязанных сверху».

Тем не менее, несмотря на то, что институты традиционной правовой системы, в частности, суд биев, сошли с исторической арены, ее основополагающие принципы, базирующиеся на традициях и обычаях, морально-этических нормах, еще присутствуют в сознании казахского народа. Учитывая, что в традиционном казахском обществе понятие правовой культуры созвучно понятию обычного права мы не должны забывать о том, что оно составляет часть общей духовной культуры нашего народа.

Может возникнуть вопрос, для чего об этом мы говорим, что все это может нам дать в практической плоскости в отношении того вопроса о котором мы говорим сегодня? На самом деле очень многое. Во-первых, это история, часть нашей прошлой культуры, которую обязан знать каждый уважающий себя образованный гражданин страны. Во-вторых, есть такие понятия, как «правовой менталитет», «традиционные стереотипы поведения», «правовое сознание» и др., которые могут незримо и незаметно влиять на поведение и на поступки сегодняшних людей. И здесь многое может прояснить всестороннее изучение традиционных правовых культур. И, наконец, в-третьих, важнейшие непреходящие ценности традиционной правовой культуры (справедливость, открытость, помощь ближнему, постановка интересов народа выше личных, распространение духовных ценностей и др.) могут и должны быть использованы в деле воспитания подрастающего поколения, в частности, в формировании правовой культуры.

В деле противодействия такому злу как коррупция, конечно же, необходимо принятие комплекса мер, в том числе, при необходимости, мер правоохранительных органов. Но, на наш взгляд, наиболее действенным, плодотворным и перспективным будет формирование у молодого поколения такой правовой культуры, при котором они осознанно будут избегать действий коррупционного характера и, одновременно, сознательно участвовать в искоренении этого зла из общественной жизни. И в этом немалую помощь может оказать обращение к ценностям традиционной правовой культуры нашего народа, которые формировались веками и которые еще сохранились в его историческом сознании.

Н.М. ТУКЕШЕВА,
к.и.н., старший преподаватель кафедры истории РК

Сыбайлас жемқорлық және жастар

Сыбайлас жемқорлық ерте заманнан белгілі және әлемнің көптеген елдерінде қоғамтанушылар пікірінің өзегі ретінде қабылданады. Бірақ, соңғы үш — төрт онжылдықтарда ол қоғамдық санада зиянды әлеуметтік құбылыс ретінде сезіле бастады. Ағымдағы онжылдықта сыбайлас жемқорлық құбылысына деген қызығушылық еселеп өсіп отыр. Сыбайлас жемқорлық табиғаты, оның себептері мен зардаптары және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолға алынған шаралар қызу пікірталастар аймағына айналып отыр.

Қазақстандағы сыбайлас жемқорлық мәселесінің өзектілігі және қоғамдық санада оның зиянды зардаптарын шектеу қажеттілігі 90 жылдардың басындағы саяси және экономикалық реформалармен тығыз байланысты қарастырылады.

(Жалғасы 6 бетте)

Әлемнің жетекші елдерінің сыбайлас жемқорлықпен күрес тәжірибесі көрсетіп отырғандай, осы бір зиянды әлеуметтік құбылыспен тиімді күресу үшін, сыбайлас жемқорлық көріністері мен оның белең алуының әлеуметтік әрі құндылықтық себептері және сыбайлас жемқорлық істеріне итермелейтін құбылыстар мен азаматтардың ақпараттық деңгейі туралы қоғамдық пікір жете зерттелуі қажет. Осындай талдау болғанда ғана, азаматтық қоғам сыбайлас жемқорлық пен оның зиянды зардаптарымен тиімді күресе алады. Азаматтардың сыбайлас жемқорлықты айыптайтын қоғамдық пікірі құқықорғау органдарының сенімді тірегіне айналады. Өкінішке орай, бүгінгі таңда азаматтық қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруы өте сирек.

Зерттеу мақсаты студент жастардың сыбайлас жемқорлықты зиянды әлеуметтік құбылыс ретінде қабылдауын және оның қоғамда таралуын зерттеуде болып табылады.

Зерттеу объектісі – Орал қаласының студент жастары.

Зерттеу пәні – Орал қаласы студент жастарының сыбайлас жемқорлық көріністеріне қатысты пікірлері, айтылымдары, бектілімдері мен мінез – құлық тәжірибелері.

Таңдау жиынтығы.

Респонденттер көлемі – 206 адам. Орал қаласының 3 ЖОО және 3 колледж студенттері, таңдау квоталы әрі әлеуметтік жіктелген. Сауал алу үшін респонденттерді таңдау үш негізгі белгі, яғни оқитын курсы, жынысы және ұлты бойынша.

Сұралғандар құрамы:

Жынысы бойынша: ұлдар – 43,6%, қыздар – 56,4%.

Оқитын курсы бойынша: 1-курс – 24,6%, 2-курс – 22,3%, 3-курс – 34,5%, 4-курс – 19,6%.

Зерттеудің басты мақсаты, жастар арасында орын алған сыбайлас жемқорлық көріністеріне қатысты қоғамдық пікірді зерттеу болғандықтан, ең алдымен респонденттерге «Сыбайлас жемқорлық дегенді қалай түсінесіз?» деген сұрақ қойылды.

Сыбайлас жемқорлық дегенді қалай түсінесіз?

Кімді болсын сатып алу және пара беруге байланысты іс-әрекеттер – 25,0%

Лауазымды тұлғалардың пара алуына байланысты болатын іс-әрекеттер – 48,8%

Адамды пара беруге мәжбүрлейтін барлық іс-әрекеттер – 9,5%

Белгілі бір адамдарға оларға тиесілі емес жеңілдіктерді, несиелерді және т.б. беруге пара алу арқылы бағытталған лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттері – 10,7%

Басқа – 1,2%

Жауап беруге қиналамын – 4,8%

Сауал нәтижелері көрсетіп тұрғандай сұралған жастар сыбайлас жемқорлықты кімді болсын сатып алу және пара беруге байланысты іс-әрекеттер (сұралғандардың 25,0%-ы белгілеп отыр) және лауазымды тұлғалардың пара алуына байланысты болатын іс-әрекеттер 48,8%-ы белгіледі деп түсінеді. Респонденттердің бір бөлігі – 9,5%-ы адамды пара беруге мәжбүрлейтін барлық іс-әрекеттер деп ұғынса, тағы бір бөлігі – 10,7% белгілі бір адамдарға оларға тиесілі емес жеңілдіктерді, несиелерді және т.б. беруге пара алу арқылы бағытталған лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттері деп санайды.

Осылайша, бір жағынан алып қарағанда студенттік ортада сыбайлас жемқорлыққа қатысты ортақ пікір жоқ болса, екінші жағынан алғанда сыбайлас жемқорлықтың зиянды әлеуметтік құбылыс ретіндегі көпқырлылығын көрсетеді.

Сауалға қатысқан студенттердің 70,2%-ы сыбайлас жемқорлықты күрделі қылмыс түрі ретінде және 15,5%-ы аморальді іс-әрекеттер ретінде қабылдайды. Сауалға қатысқандардың 7,1%-ы ғана сыбайлас жемқорлықтың қарым-қатынастың жалпы қолданылатын моделі дегенмен келісіп отыр.

Сіздің ойыңызша, сыбайлас жемқорлыққа қандай дәлме дәл анықтама беруге болады?

Бұл – күрделі қылмыс түрі – 70,2%

Бұл – аморальді іс-әрекет – 15,5%

Бұл – қарым-қатынастың жалпы қолданылатын моделі – 7,1%

Жауап беруге қиналамын – 3,2%

Сауалға қатысқан облыс тұрғындары сыбайлас жемқорлық көрініс табуының белгілері ретінде лауазымды жағдайды өз пайдасына асыру-30,8%, мемлекеттік қаржы мен мүлікті жеке басына пайдалану-25,6%, қоғамдық ресурстар мен қорларды заңсыз бөлу немесе қайта бөлу-5,1% және парақорлық, «откаттар»-39,7% көріністерін атады.

Сіздің ойыңызша, сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің белгілері қандай?

Лауазымды жағдайды өз пайдасына асыру – 30,8%

Мемлекеттік қаржы мен мүлікті жеке басына пайдалану – 25,6%

Қоғамдық ресурстар мен қорларды заңсыз бөлу немесе қайта бөлу – 5,1%

Қандайда болмасын шешімдерді, заңдарды, нормативтік-құқықтық актілерді қабылдауға қысым көрсету немесе қабылдаудан бас тарту (лоббирование) – 6,4%

Қандайда болмасын жағдайлар, фактілер арқылы лауазымды тұлғаның шешім қабылдауына қысым көрсету – 10,3%

Жеңіл несие, тапсырыстар ұсыну – 0,0%

Лауазымды тұлғаларға сыйлық-шашу беру – 5,1%

Парақорлық, «откаттар» – 39,7%

Пара беруге мәжбүрлеу – 33,3%

Басқасы – 6,4%

Сауалға қатысқан жастардың басым көпшілігі (69,6%-ы) сыбайлас жемқорлық белгілі бір деңгейде барлық қоғамда және мемлекетте бар деген тұжырыммен келісіп отыр, яғни санамызда «біз бәрімен бірдейміз, асып бара жатқан жоқпыз» деп өз – өзімізді жұбатып қоямыз.

Сіз, сыбайлас жемқорлық белгілі бір деңгейде барлық қоғамдар мен мемлекеттерде бар деген тұжырыммен келісесіз бе?

Иә – 69,6%, жоқ – 30,4%.

Осыдан келіп, мемлекет белгілі бір деңгейде сыбайлас жемқорлықпен сәтті күресуде. Кез – келген сыбайлас жемқорлық әрекетінде «беруші» мен «алушы» болады. Сондықтан, мемлекеттің сыбайлас жемқорлықпен күресін қоғамдық қолдау ауадай қажет. Бұл күресті қоғамдық қолдамайынша, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзімсіздік санасын енгізбейінше, осы бір аса зиянды әлеуметтік құбылысты жеңу мүмкін емес.

Сауал мәліметтеріне сәйкес, студент жастардың 8,3 пайызы сыбайлас жемқорлық қатынастарға тартылуға мәжбүр болған.

Жеке өзіңіз сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің қатысушысы болдыңыз ба?

Иә – 8,3%, жоқ – 91,7%.

Азаматтардың сыбайлас жемқорлықпен күрес деңгейін бағалауын зерттеуде, олардың сыбайлас жемқорлықтың алдын – алуға бағытталған құқықтық актілерден хабардар болу деңгейін анықтап алу зерттеу мақсатына сәйкес болып табылады.

1998 жылы 2 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңының бар екенін көпшілігі біледі – 62,8%. Бірақ, соның өзінде әрбір үшінші респондент – 27,9% өздерінің хабарсыз екендерін айтты.

Сіз ҚР 1998 жылдың 2 шілдесінде қабылданған «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңы бар екендігін білесіз бе?

Иә – 70,8%

Жоқ – 20,8%

Жауап беруге қиналамын – 8,3%

Әлеуметтанушылар атап көрсеткендей, 2000 жылдардағы кәсіби жемқорлықтың белең алуы екі жағдаятпен, яғни бюрократия бақылау институттарының жоғалып кетуімен және ренталық қатынастармен байланысты. Сондықтан да, сыбайлас жемқорлықтың алдын – алуға құқықтың алаңды қайта жаңғырту үшін екі мәселені шешу керек: бақылау институттар қайта құру (олардың қатарына БАҚ, саяси бақталастық, тәуелсіз қоғамдық ұйымдар жатады) және ренталық қатынастармен байланысты мәселелерді шешу.

Биліктің сыбайлас жемқорлықпен күресінің тиімділігінің әлсіз екендігін төмендегі кестеде келтірілген сауал нәтижелері айқын көрсетіп отыр.

- респонденттердің 11,9% билік сыбайлас жемқорлықпен күреседі, алайда нәтижесіз екенін растап отыр;

- 20,2% билік тек сыбайлық жемқорлықпен күресіп жатқан сыңай танытады деп бекітуде;

Сонымен, сауалға қатысқан жастардың 35,7% -ы билік сыбайлас жемқорлықпен күресуде мақсатты түрде тиімді шаралар қолдануда деп есептейді.

Түрлі билік органдары сыбайлас жемқорлықпен қандай деңгейде күресуде?

Билік сыбайлас жемқорлықпен күресуде мақсатты шараларды қолдануда – 35,7%

Билік жемқорлықпен күресіп жатқан сыңай танытуда – 20,2%

Билік сыбайлас жемқорлықпен күресуде, алайда нәтижесіз – 1,9%

Жауап беруге қиналамын – 32,1%

Сауал нәтижелеріне сүйенетін болсақ, жастардың көпшілігі, яғни 72,0%-ы лауазымды тұлғаның іс әрекетіне немесе әрекетсіздігіне қайда шағымдану керектігін біледі. Сонымен қатар, сұралған жастардың біразы, дәл айтқанда 28,0% лауазымды тұлға тарапынан өз құқығы бұзылған жағдайда қайда шағымдану қажеттігін білмейді. Мұның себебі, сыбайлас жемқорлықпен күрес шаралары туралы үгіт – насихат жұмыстарының жеткілікті жүргізілмеуі салдарынан деп білеміз.

Сіз, лауазымды тұлғаның іс әрекетіне немесе әрекетсіздігіне қайда шағымдану керектігін білесіз бе?

Иә – 72,0%, жоқ – 28,0%.

Сыбайлас жемқорлық өте қауіпті жағымсыз әлеуметтік көріністердің бірі болып табылады, сондықтан, мемлекеттік қызметкерлердің қатарын мемлекеттің мүддесін жоғары дәрежеде қорғай білетін кадрлармен толықтыруды, кездойсоқ адамдардың мемлекеттік қызметке кіріп кетпеуін қамтамасыз ететін қосымша жан-жақты шараларды күшейту қажеттілігі артып келеді, осы шараларды студенттік жастардың бойына құю уақытылы шара болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықтың саяси – әлеуметтік себеп – салдарлары

Сыбайлас жемқорлық ерте заманнан белгілі және әлемнің көптеген елдерінде тиісті шарттар ретінде қабылданады. Бірақ, соңғы үш – төрт онжылдықтарда ол қоғамдық санада зиянды әлеуметтік құбылыс ретінде сезіле бастады. Сыбайлас жемқорлық табиғаты, оның себептері мен зардаптары және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолға алынған шаралар қызу пікірталастар аймағына айналып отыр.

Қазақстандағы сыбайлас жемқорлық мәселесінің өзектілігі және қоғамдық санада оның зиянды зардаптарын шектеу қажеттілігі 90 жылдардың басындағы саяси және экономикалық реформалармен тығыз байланысты қарастырылады.

Әлемдік тәжірибеде сыбайлас жемқорлықты әлеуметтік құбылыс ретінде бағалау өте күрделі сипатқа ие. Бірқатар танымал әлеуметтанушылар пікірінше, сыбайлас жемқорлық белең алуының басты себебі, бұл мемлекеттің қоғам өміріне дендеп араласуы болып табылады. Бірақ, әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, демократиялық басқару мен нарықтық экономика сыбайлас жемқорлықтың түпкілікті жойылуына кепілдік бола алмайды. Сыбайлас жемқорлық тудырушы себептер, демократиялық қоғамдар да жеткілікті. Белгілі бір құбылысты қоғамдық бағалау, тарихи дамудың әр кезеңдерінде құбылып отырады. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты қоғамдық пікір де, әр елде һәм әр мәдениетте әрқилы сипатта көрініс табады. Сыбайлас жемқорлықтың экономикалық дамуға әсері турасындағы пікірталастар толастар емес. Оның оң әсерін жақтаушылар толассыз экономикалық даму мен сыбайлас жемқорлықтың қарқын алуы қатар келген Оңтүстік – Шығыс Азия елдерінің тәжірибесіне сілтеме жасайды. Зерттеушілер пікірінше, егер экономика басынан тиімсіз жағдайларға тап болса, сыбайлас жемқорлық тиімді қызығушылықтар тудыруы мүмкін. Сыбайлас жемқорлық дамушы елдер саяси биліктері орнатқан көптеген қатал ережелерді айналып өтуге мүмкіндік береді. Пара есебінде берілген ақша мемлекет қазынасына емес, жеке шенеуіктің қалтасына түссе де, мұның өзі экономикалық қорлардың тиімді бөлінісіне және осының нәтижесінде экономикалық дамудың өсуіне әкеледі.

Ал, экономика басынан тиімді даму қарқынын алса, сыбайлас жемқорлық оның даму бағытын бұрмалап, соның нәтижесінде оның дамуын тежеуі мүмкін. Елдің экономикалық дамуының жекелеген субъектілері үшін, сыбайлас жемқорлық бәсекелестік күресте жеңіске жету мүмкіндігін берсе де, жалпы елдің экономикалық дамуы тұрғысынан ол зиянды әлеуметтік құбылыс болып саналады. Себебі, сыбайлас жемқорлық экономикалық бәсекелестікті шектейді, салықтардың тиісінше жиналуына кедергі болады, экономиканың көлеңкелі секторының өсуіне және инвестицияның қысқаруына әкеледі. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық экономикалық ортаның

сенімсіздігіне әкеліп соқтырады, себебі сыбайлас жемқорлық көмегімен жасалынған келісімдер мен шарттар ұзақ мерзімді қаржылық сенімділік бере алмайды.

Сыбайлас жемқорлық аса қауіптілігі, бұл саясаткерлер мен мемлекеттік шенеуіктердің бюрократиялық басқару институттарына, сот және құқыққорғау жүйесіне саяси тұрғыдан әсер етуінде. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, саясаткерлердің бюрократиялық басқару институттарына саяси әсерін шектеудің қатал ережелері жоқ болған жағдайда және елдің жоғары басшылық жүйесінде билік тармақтарының қатал бөлінісі болмаған жағдайда сыбайлас жемқорлықтың қоғамның бүкіл өне бойында белең алу мүмкіндігі аса қуатты өсе түседі.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық беретін қомақты қаржыны бөліске салу барысында елдегі саяси элиталық топтар арасында шиеленіс тууы және мұның өзі елді саяси тұрақсыздыққа ұрындыруы ықтимал. Елдегі саяси биліктің сыбайлас жемқорлық беретін қомақты қаржыға бой үйретуі, экономикалық және әлеуметтік саясат басымдықтарының жалпы ел мүддесінен алшақ кетуіне ұрындырады. Жалпы алғанда, қоғам сыбайлас жемқорлықты жазғырады.

Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлық тақырыбы еліміздің әлеуметтік – саяси дамуындағы ең көп талқыланатын мәселелердің біріне айналып отыр. Мемлекет тарапынан, осы бір әлеуметтік зиянкестікті жоюға бағытталған нақты шаралар қолға алынууда. Бірақ, екіншіше орай, әзірге бұл шаралар өз тиімділігін көрсете алмай отыр. Қарапайым тұрғын санасында «шенеуік» және «пара» түсініктерінің қабаттасып кеткені ешкімге құпия емес. Өртүрлі деңгейлердегі мемлекеттік қызметкерлердің белсенді қатысуымен сипатталатын сыбайлас жемқорлық көріністері БАҚ – ы беттерінде жиі – жиі жариялана бастады.

Ғылыми және публицистикалық әдебиеттерде сыбайлас жемқорлық әртүрлі беріледі және бір – бірінен көрініс табу нысаны бойынша да, таралуы деңгейі бойынша да өзгешеленетін құқық бұзушылықтардың ұзын – сонар тізімін қосады. Жалпы алғанда, сыбайлас жемқорлықты жіктеуде келесі байламдарды бөліп көрсетуге болады:

*Өзара әрекеттесуші субъектілер типі бойынша сыбайлас жемқорлық азаматтар мен ұсақ шенеуіктер, кәсіпкерлер мен бақылаушы органдар, шетелдік кәсіпорындар мен саяси басшылық және т.б. арасында орын алады.

*Көрініс табуы деңгейі бойынша сыбайлас жемқорлық жоғары деңгейдегі және төменгі немесе іскерлік және тұрмыстық болып бөлінеді.

*Көрініс табу салалары бойынша салық салудағы, инвестиция тартудағы, мемлекеттік сатып алудағы, денсаулық сақтау саласы мен білім беру саласындағы және т.б. салалардағы болып бөлінеді.

*Пайда табу типі бойынша таза пайда алу және шығындарды азайту бағытында болып бөлінеді.

Т.Т.ШАЙХИЕВ,

М.Өтемісов атындағы БҚМУ қауымдастырылған профессоры

Работа выездной группы

19 февраля 2015 года в целях разъяснения основных положений, функций и задач Антикоррупционной стратегии был организован выезд рабочей группы из числа сотрудников Департамента Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции по Западно-Казахстанской области в Акжайыкский район.

Работа группы началась с приема граждан по личным вопросам. В акимате района был проведен семинар-совещание с участием актива района. По основным направлениям Антикоррупционной стратегии на 2015-2025 годы и об изменениях в сфере государственной службы выступил заместитель руководителя департамента – Председатель Дисциплинарного совета Суюнбаев Н.Б., который осветил задачи и цели, обозначенные Стратегией, подчеркнул необходимость взаимодействия государственных органов и гражданского общества в противодействии коррупции, формирования антикоррупционного мировоззрения.

В целях углубленного изучения гражданских прав, воспитания молодого поколения в духе высших человеческих ценностей в школе-гимназии был проведен воспитательный урок на тему: «Әділ сөздің жолы игі, әділ істің арты игі». Перед учениками выступила с



лекцией руководитель отдела антикоррупционного просвещения и взаимодействия с общественностью Масимов В.Н.

Также, рабочая группа Департамента для ознакомления с работой посетила районный ЦОН и аппарат акима сельского округа Бударино Акжайыкского района.

Департамент Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции по Западно-Казахстанской области

**М.Өтемісов Атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті мен
Жастар қоғамдық ұйымдары арасындағы сыбайлас
жемқорлыққа қарсы бірлескен іс-қимыл жоспары**

Біз, төменде қол қоюшылар:

Қазақстан Республикасының Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті

БҚМУ «Ақиқат пікір талас орталығы» жастар қоғамдық бірлестігі

Батыс Қазақстан облысының «Жас ғалымдар кеңесі» қоғамдық бірлестігі

«Перспектива социум» жастар қоғамдық бірлестігі

Жемқорлықпен ымырасыз күрес ісінде Ұлт көшбасшысы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевты, сондай-ақ жемқорлыққа қарсы әрекеттерге, мемлекеттік басқару ісіндегі ашықтық пен жариялықты қамтамасыз етуге азаматтық қоғам институттары мен халықтың қатысуын қарқынды жөніндегі оның бастамаларын жан-жақты қолдай отырып;

Қазақстан қолданып отырған жемқорлықтың алдын алу және онымен күрес жөніндегі шараларға оң баға бере отырып;

Қазақстан Республикасының, Біріккен Ұлттар Ұйымының конвенцияларын және басқа да халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық құжаттарды қолдай отырып;

Демократиялық институттар мен құндылықтарды, әділеттілікке деген сенімді бұзушы және мемлекет пен қоғамның тұрақты дамуына кесірін тигізетін, қоғам тұрақтылығы мен қауіпсіздігі үшін жемқорлық тудырып отырған проблемалар мен қауіп-қатерлердің тереңдігі бізді алаңдата отырып;

Жемқорлықтың алдын алу және оны жою-мемлекеттің ғана емес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының әрбір азаматының, барлық азаматтық қоғам институттарының міндеті екенін ескере отырып;

Жемқорлықпен күрес ісінде мемлекет, бизнес және азаматтық қоғам институттары арасындағы серіктестікті нығайту қажеттігін мойындай отырып;

Жемқорлыққа қарсы әрекеттерге жастар қоғамдық бірлестіктерінің белсенді атсалысуы жемқорлықты азайту жөніндегі мемлекет қызметінің тиімділігін арттыруға көмектеседі деп жорамалдай отырып;

Барынша тиімді түрде жемқорлықтың алдын алу, оны айқындап, жою ісінде мемлекетке көмектесуге бекем жігерлене отырып;

Батыс Қазақстан облысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуде бірлескен жұмыстарды ұйымдастыру туралы шешім қабылдап, өз өкілеттіліктеріміз шегінде төмендегілер жөнінде осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірлескен іс-қимыл жоспарына қол қоюға шешім қабылдадық:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ АГЕНТТІГІНІҢ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ БІРЛЕСКЕН ІС-ҚИМЫЛ ЖОСПАРЫНА ТӨМЕНДЕГІДЕЙ КЕЛІСІМ ЖҮРГІЗІЛДІ:

1-бап

Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірлескен іс-қимыл жоспарының мақсаттары:

а) Батыс Қазақстан облысындағы конструктивті жастар күштерін біріктіру, студенттер, азаматтық қоғам институттары, өңір тұрғындарын сыбайлас жемқорлық қарсы қозғалысқа біріктіру;

ә) жемқорлыққа қарсы әрекеттердегі жастар қоғамдық бірлестіктерінің рөлін арттыру;

б) жемқорлыққа қарсы әрекеттерде, мемлекеттік органдар қызметінің жариялылығы мен ашықтығын қамтамасыз етуде мемлекеттік органдар, бизнес және азаматтық қоғам институттарының өзара әрекеттері мен тығыз серіктестігін күшейту;

в) жемқорлықпен күреске бағытталған шаралардың тиімділігін, сондай-ақ оның алдын алу шараларының ұтымдылығын арттыру ісінде мемлекетке көмектесу болып табылады.

2-бап

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірлескен іс-қимыл жоспарына қол қойғандардың әрқайсысы өз жарлығының мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып:

-жемқорлықпен күрес және оның алдын алу шараларын жүзеге асыру ісінде мемлекетке көмектеседі;

-халықтың ауқымды жігін жемқорлыққа қарсы қызметке белсенді жұмылдыруға ықпал ететін жемқорлыққа қарсы әрекеттер жөнінде бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізуге қатысады;

-жемқорлыққа қарсы күресте мемлекеттік органдар, бизнес және азаматтық қоғам институттарының өзара әрекеттері мен серіктестігінің қолайлы және тиімді жүйесін жасауға көмектеседі;

-жемқорлықты тудырушы және оған дем беруші себептер мен жағдайларды жою бойынша ынтымақтастықтың басыңқы бағыттары туралы ақпарат береді;

-жемқорлыққа қарсы әрекеттер бойынша бірлестіктегі қызметті қамтамасыз ету мақсатында қолдағы қорлар мен тетіктерді шоғырландырады;

-мемлекеттік органдардағы жемқорлықтың алдын-алуға бағытталған

тиімді шараларды күнделікті тәжірибеге енгізіп, көтермелейді;

-мемлекеттік органдардың шешімдер қабылдау үрдістердің ашықтығын арттыруда өз мүмкіндіктерінің аясында шаралар қолданады;

-жемқорлыққа төзімсіз ортаны жасауға мүмкіндік туғызатын іс-шараларды өткізеді;

-белсенді азаматтық ұстанымды, жемқорлыққа қарсы танымды қалыптастыруға, сондай-ақ жастарды құқықтық және адамгершілік тәрбиелеуге қатысады;

-жемқорлыққа қарсы әрекеттердің басқа да шоғырландырылған түрлері мен әдістерін әзірлейді;

3-бап

Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірлескен іс-қимыл жоспарын іске асыру мақсатында Жоспарға қол қойған тараптардың әрқайсысы мыналарды жүзеге асыруды ниеттенеді;

1) жемқорлыққа қарсы іс-шаралар өткізу;

2) жемқорлыққа қарсы күреске бағытталған бірлестіктегі бағдарламалар, жобалар, акциялар және басқа да іс-шараларды жүзеге асыру;

3) жемқорлық мәселелері бойынша ақпарат алмасу: жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылыққа итермелейтін себептер мен жағдайлар, мемлекеттік қызметшілердің өздеріне жүктелген міндеттерді орындамау немесе тиісінше орындамау фактілері, жемқорлыққа қарсы заңнама мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі талаптарын лауазымды тұлғалардың бұзуы және кез-келген басқа жемқорлық көріністері туралы;

4) жемқорлықтың алдын алу, адал кәсіпкерлік ортаны жасау, ішкі нарықта бәсекелестікті дамыту бойынша шаралар қолдану;

5) халықты әлеуметтік қорғау саласында жемқорлықтың кез-келген түрін айқындап, жою және оған жол бермеуге атсалысу;

6) әкімшілік кедергілерді және мемлекеттік органдардың бақылаушылық қызметтерін азайтуға, сондай-ақ бақылаушы органдардың заңсыз әрекеттеріне бөгет болуға атсалысу;

7) жемқорлықтан тәуелсіз тиімді өркениетті еңбек нарығын қалыптастыруға, жұмысшылар, жұмыс берушілер және мемлекет мүдделерінің теңгеріміне қол жеткізуге атсалысу;

8) жемқорлық сипатта құқық бұзу фактілерін жариялауда, жемқорлық сипаттағы құқық бұзуларды жою, жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша білім мен тиімді тәжірибені таратуда бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін арттыру;

9) елдің саяси және әлеуметтік-экономикалық өмірінің негізгі бағыттары бойынша, жемқорлық көріністерінен жастардың құқықтары мен заңды мүддесін қорғау бойынша жастар бастамаларын қалыптастырып, ілгерілетуге атсалысу.

4-бап

1. Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірлескен іс-қимыл жоспары барлық Тараптар қол қойған күннен бастап өз күшіне және қолданысқа енеді.

2. Қажеттілігіне қарай сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірлескен іс-қимыл жоспарына қол қойған барлық Тараптардың жазбаша келісімімен осы Жоспарға түзетулер мен қосымшалар енгізілуі мүмкін.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша Қоғамдық қозғалысқа ықпал білдірген және мақсаттарын қолдайтын әрбір жастар ұйымы сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірлескен іс-қимыл жоспарының тарабы болып енгізілуі мүмкін.

4. Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірлескен іс-қимыл жоспарын әрбір Тарап басқа Тараптарға жазбаша мәлімдеме жолдау жолымен Жоспардан шыға алады және басқа Тараптарға аталмыш мәлімдемені жолдаған күннен бастап 30 күнтізбелік күн өткеннен кейін ол шықты деп танылады.

5. Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірлескен іс-қимыл жоспары сонымен қатар барлық Тараптар шешім қабылдаған күннен бастап өз күшін жоюы мүмкін.

6. Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірлескен іс-қимыл жоспары қазақ және орыс тілдерінде, әр Тарап үшін 2 данадан, жасалған.

Мазмұндалғандарды растау үшін төменде қол қойғандар, яғни Тараптардың өкілетті тұлғасы болып табылатын тұлғалар, осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірлескен іс-қимыл жоспарын куәландырды.

Ө.ӘШІРБАЕВ,

Қазақстан Республикасының Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті

А.ИМАНҒАЛИЕВ,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті

М.СҮЛЕЙМЕНОВ,

БҚМУ «Ақиқат пікір талас орталығы» жастар қоғамдық бірлестігі

Б.БЕККАЛИЕВ,

Батыс Қазақстан облысының «Жас ғалымдар кеңесі» қоғамдық бірлестігі

Г.АЙДЫНӘЛІ,

«Перспектива социум» жастар қоғамдық бірлестігі

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРЕМДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

М.Өтемісов атындағы

Батыс Қазақстан мемлекеттік уни-

верситеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және ырағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз ба-
сылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж.
қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Индексі 090006. Таралымы 2000

РЕДАКТОР:

Марта Орынбасаровна ДЖУМАҒАЛИЕВА

КОРРЕКТОР:

Сәнді БЕКТЕАЕВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Сабина КАЖИМОВА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және

графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

«Полиграфсервис»

ЖШС баспаханасында басылды.